


қозғалысының дұрыс жүзеге асуы жағдайында болады. Кәсіпкерлік қызметтің B2C моделі сервистің жоғарғы деңгейін және тұтынушыларға жоғарғы индивидуалды көлістің жана толқынын әкеледі. Кәсіпкерлік қызметтің қарапайым моделінен B2C моделіне өтуде мақсатты топтың да ауысуы болады.

### Бірлесу стратегиялары

Күнды қалыптастырудың стратегиялық жүйесі: тұтынушы мен жабдықтаушылармен ұзак мерзімді, сенімді іскерлік қатынастар орнату

Қысқа мерзімді нарықтық қарым-қатынастар: кәсіпорын икемділігін арттыру үшін қысқа мерзімді қатынастар орнату

Күнды қалыптастырудың виртуалды жүйесі: виртуалды кәсіпорын бөлігі бола отырып, икемді үйым мен сенімді ынтақтастық артықшылықтарын біріктіру



3-сурет. Халықаралық коопeração стратегиялары

Егер бұрын сауданың логистикалық қажеттіліктеріне жауап беру керек болса, бүгін түпкі тұтынушының қажеттіліктері логистика алдына жаңа мәселелер қояды. Өнімге және логистикалық қызметтерге жеке тұтынушылық сұраныс негізінде пайда болған жоғары талаптарын кәсіпорындар «стандартталған жеке қызметтер» стратегиясымен қанағаттандыруды.

«Стандартталған жеке қызметтер» өте жоғары деңгейде стандартталған және бір мезгілде тұтынушылардың жеке қалауларына сай келетін кәсіби қызметтер болып табылады. Сонымен қатар логистикалық процестердің стандартизациясы мәмілелердің жүзеге асуының физикалық үрдістеріне де, басқарушылық үрдістеріне де бірдей жүреді.

«Стандартталған жеке қызметтер» стратегиясы сапаны, шығындарды және мерзімді басқаруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл стратегия үлкен маңызға ие. Алайда ол кәсіпорынның стандартталған өнім мен қызметтер өндірісіне шоғырлануын білдіреді.

Қорыта келгенде, келешек дамудың тенденциялары бәсекелестік күрестегі сәттілік факторы ретінде логистика рөлінің артатандығына болжам беруге мүмкіндік береді.

1. [www.bizedukation.ru](http://www.bizedukation.ru)
2. [www.logistic.ru](http://www.logistic.ru)
3. [www.lobanov-logist.ru](http://www.lobanov-logist.ru)

\*\*\*

В статье рассматриваются возможности логистики по повышению конкурентоспособности предприятий. Значительное внимание уделено стратегиям международной кооперации.

\*\*\*

This article is about logistics possibilities on increase of competitiveness of the enterprises are considered. The considerable attention is given strategy of the international cooperation.